

**Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 мамырдағы № 14/96-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365 бабы 3 тармағының 2) және 3) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазығұрт ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасы*

*Т.Қалымбетов*

Қазығұрт аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
06 мамырдағы №14/96-VIII  
шешіміне 1 қосымша

**Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,10 1,72

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,07
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	--
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,29
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банкт е р , байланысбөлімшелері	1 қызметкер	0,83
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,55
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,31
8	Мектептер және өзге де оқуорындары	1 оқушы	0,10
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,12
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,50
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,01
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,04
13	С п о р т , бижэнеойынзалдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
14	Азық-түлік, өнеркәсіптіқтауардүкенд ері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	1,54
15	Машиналар сату	Сауда орнының 1 м2	--
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,23
17	Өнеркәсіптік, азық-түліктауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	--

18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,69
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	--
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,42
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	3,16
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,47
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	--
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,94
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,58
27	Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,26
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,36
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,42
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,03
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	--

Қазығұрт аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
06 мамырдағы №14/96-VIII  
шешіміне 2 қосымша

**Қазығұрт ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын, айына	144
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын, айына	226
Бірлік (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1575

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК